



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 38/682

18 сентября 2020 года

Вестник

Великому Абаю 175

Актуально

В АРМЕНИИ ПРЕЗЕНТОВАЛИ СБОРНИК "АБАЙ-175"

В режиме видеоконференции в Ереване состоялась презентация сборника "Абай-175", состоящего из двух книг - "Слова назидания" и романа Мухтара Ауэзова "Путь Абая" (в обновленной редакции) на армянском языке, приуроченная к 175-летию великого казахского поэта и мыслителя. Об этом передает Egemen.kz со ссылкой на Казинформ.

"Литературный диптих" был подготовлен и издан в рамках программы "Рухани жаңғыру" под эгидой посольства Республики Казахстан в Армении и при содействии Ереванского государственного университета (ЕГУ) и издательства "БЗЕЗ", - отмечается в сообщении МИД РК в Telegram.

Открывая мероприятие, посол Казахстана в Армении Тимур Уразаев отметил, что роман Мухтара Ауэзова "Путь Абая"

казахской степи, в которой преобладало исламское мировоззрение, подготовив менталитет народа для грядущей действительности. А литературное творчество Абая произвело большое впечатление своим универсализмом и уникальностью одновременно.

"Абай мне близок своим мировоззрением, своей философией. В своих идеях и произведениях ему удалось связать условные Запад и Восток", - отметил депутат Национального Собрания, член группы дружбы "Армения-Казахстан" Арман Абовян.

Заместитель председателя Союза писателей Казахстана Бауыржан Жақып акцентировал внимание участников на "Словах назидания" Абая, которые впервые были переведены на армянский язык, тем самым дав возможность читателям в Армении и многомиллионной армянской диаспоре в



первое на армянском языке издавался в далеком 1952 году и уже стал библиографической редкостью. Нынешнее обновленное, второе издание на армянском языке, подготовлено творческой группой в новой языковой редакции, более созвучной современным нормам армянского языка, с добавлением историко-филологических примечаний редакторов.

Заместитель министра образования, науки, культуры и спорта Артур Мартиросян заявил, что Абай является первым и непревзойденным светским философом в

мире познакомиться с философской прозой великого казахского поэта и мыслителя.

Посол по особым поручениям МИД РК Батырхан Курмансеит, поблагодарив армянскую сторону за кропотливую работу над переводами Абая, отметил практическую ценность сборника, который "в будущем станет ценным учебным материалом для представителей армянских научных и студенческих кругов, а также интересным литературным произведением для широкой армянской читательской аудитории".

Источник: www.egemen.kz

ЕЛБАСЫ ПРОВЕЛ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ

В ходе заседания были рассмотрены вопросы обеспечения охраны здоровья населения и экономической безопасности. Об этом передает Egemen.kz со ссылкой на сайт Елбасы.

ность достоверной оценки и прогнозирования уровня заболеваемости.

- Нужно выработать прогнозы развития в посткризисный период, концептуальное видение угроз и возможностей. Нужно еще



Открывая заседание, Председатель Совета Безопасности отметил самоотверженную работу врачей, полицейских, военнослужащих и представителей других сфер, которые внесли вклад в противодействие коронавирусной инфекции.

В ходе совещания с докладом о готовности к актуальным эпидемиологическим угрозам выступил министр здравоохранения А.Цой. Кроме того, члены Совета Безопасности заслушали информацию министра национальной экономики Р.Даленова о текущих рисках социально-экономического развития и мерах по их нейтрализации, а также министра образования и науки А.Аймагамбетова о мерах по обеспечению стабильности образовательного процесса.

Нурсултан Назарбаев указал на необходимость подготовки ресурсов на случай глобальной "второй волны" пандемии, выработки исчерпывающих мер упреждающего реагирования, а также на важ-

раз посмотреть план развития с учетом сегодняшней ситуации в мире. Мы должны быть готовы к наихудшему сценарию развития пандемии и сопряженных с ней угроз, - сказал Председатель Совета Безопасности.

Вместе с тем в ходе заседания правоохранительным органам были даны поручения по недопущению ухудшения криминогенной обстановки и роста преступности, а также выработке профилактических мер.

- Важно принять меры по обеспечению бесперебойного снабжения людей продовольствием и лекарственными средствами, недопущению необоснованного подорожания социально значимых товаров и роста тарифов, качественной подготовки к отопительному сезону и иным актуальным стратегическим вопросам, - заключил Председатель Совета Безопасности.

Источник: www.egemen.kz

Семинар өтті

А.ж. 15 қыркүйегінде Қарағанды облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Г.Қабдықаримова Приозерск қаласының әкімі Қайрат

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАӨ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ Г.КАБДЫҚАРИМОВАМЕН КЕЗДЕСУІ



Амангелдіұлы Қамзинмен кездесті.

Қаланың мемлекеттік қызметшілерінің жұмыс түріне байланысты мәселелер талқыланды. Сол күні қаланың мемлекеттік мекемелерінің басшыларына семинар өткізілді, онда қашықтықтан жұмыс істеуді жақсарту, мемлекеттік қызметтің ҚФБ-да заңнаманы бұзшылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл және Әдеп кодексі бойынша ұсынымдар берілді.

"Приозерск қаласы әкімі аппараты" ММ.
Суретте: Приозерск қаласының әкімі Қ. Қамзинмен кездесуі, Жергілікті атқарушы органдардың бөлім басшыларымен семинар.



ЗАВИСИТ ОТ КАЖДОГО ИЗ НАС - ГЛАВА МИНЗДРАВА О ВТОРОЙ ВОЛНЕ КОРОНАВИРУСА

Министр здравоохранения РК Алексей Цой рассказал, как Казахстан готовится к возможной второй волне коронавируса, передает Egemen.kz.

"Мы запланировали порядка 5 тысяч аппаратов ИВЛ. Они сейчас уже поступают. Более 3 тысяч аппаратов в настоящий момент установлены в больницах Казахстана. Сейчас 1,5 тысячи аппаратов ИВЛ - отечественного производства. В ближайшие несколько недель все аппараты будут доставлены", сказал Алексей Цой журналистам во время посещения городской поликлиники №6 в Нур-Султане.

По словам министра, на сегодня количество пациентов с коронавирусом и пневмонией (пцр-отрицательными результатами), которые лежат в больницах Казахстана, насчитывается порядка 4,8 тысячи.

"Сейчас ситуация стабильная. В соседних странах идет рост заболеваемости, особенно в европейском регионе, в странах СНГ. Поэтому для нас важно удержать эту ситуацию. Несмотря на то,



что у нас хорошие показатели, мы все равно разворачиваем коечный фонд,

закупаем лекарства, обеспечиваем средствами индивидуальной защиты,

масками. Мы готовимся ко второй волне. Конечно, для нас очень важно, чтобы ее не было. Самый важный факт - социальное дистанцирование и маски. Мы уже неоднократно говорили, что 30% заболеваемости зависит от ношения масок и 40% от соблюдения социальной дистанции. К сожалению, вы видите, что не всегда наши граждане надевают маски, особенно в местах массового скопления людей. Мы призываем, чтобы это поддерживалось", подчеркнул глава Минздрава.

"Мы сами можем повлиять на то, будет ли эта волна или не будет. Каждый из нас может повлиять на эту ситуацию. Сейчас от системы здравоохранения зависит только подготовка ко второй волне и профилактически-разъяснительная работа. Все остальное зависит от каждого из нас - от того, насколько мы часто будем общаться, не будем ли мы носить маски", заключил министр.

Напомним, накануне старта республиканской вакцинации министр сделал прививку российской вакцины "Гриппол+" в столичной поликлинике.

Источник: www.egemen.kz

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ



Ағымдағы жылдың қыркүйек айының 16 жұлдызында Балбөбек бөбекжайында педагогтар арасында «Рухани жаңғыру және жаңа қазақ әліпбиі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында тәрбиеші М.Р.Ускенова баяндама оқып, Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласының мақсат-міндеттерін негізге ала отырып, қазақ жазуында қолданылып келген әліпбилер тарихын, латын графикасын қолданып жүрген түркі елдерінің тәжірибесін, қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі туралы айтып өтті. Сонымен қатар, педагогтар жаңа латын әліпбиінің қазақ тілін дамытудағы маңыздылығы, өзектілігі

төңірегінде өз пікірлерін ортаға салды. Педагогтар екі топқа бөлініп, жасырылған жұмбақтардың жауабын жаңа латын қарпінде жазып сайысқа түсті.



Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайы

УРОЧИЩЕ БЕКТАУ-АТА БЛИЗ БАЛХАША ПРИВОДЯТ В ПОРЯДОК

БАЛХАШ. КАЗИНФОРМ - Пещеры, расположенные в урочище Бектау-Ата, начали приводить в порядок. Волонтеры очищают природную достопримечательность от мусора и смывают «наскальную живопись», передает корреспондент МИА «Казинформ».

Урочище Бектау-Ата входит в сотню сакральных мест Казахстана. Тем не менее на уникальном творении природы туристы оставляют свои письмена. Фотографии достопримечательности, выложенные в Сеть алматинцем Александром Петровым в августе этого года, вызвали серьезный общественный резонанс. Он запечатлел испорченный вход в пещеру - побывавшие здесь ранее туристы, видимо, не видели ничего зорного в том, чтобы увековечить свои имена, фамилии и мысли, написав их краской на камнях и стенах пещеры.

После этого в отделе предпринимательства и промышленности Актюгайского района Карагандинской области заявили, что в урочище будут проводить рейды. Авто-ров «наскальных рисунков» найдут и привлекут к ответственности. Не осталась в стороне и депутат Карагандинского областного маслихата Айман Тукбаева. Она инициировала проект, который позволит привести урочище в надлежащий вид. Заниматься этим будут волонтеры - они сотрут неприглядные надписи, очистят



пещеры от мусора. Не в первый раз уже Айман Тукбаева становится на защиту уникальной природной достопримечательности. В 2018 году она принимала активное участие в рейдах по урочищу. Тогда инициативная группа проводила инвентаризацию водоёмов.

Стоит отметить, что у подножия Бектау-Ата находится детский оздоровительный лагерь «Факел». В последние годы здесь прошли масштабные ремонтные работы. В порядок привели корпуса, служебные и хозяйственные помещения, облагородили территорию. В прошлом



году в лагере отдохнули 200 детей из Арыси. Присоединиться к волонтерской группе и помочь вернуть урочищу Бектау-Ата первозданный вид можно, позвонив по номеру: (8-71038) 2-13-35.

Источник: <https://www.inform.kz>
Фото: [facebook.com/AlexanderPetrov](https://www.facebook.com/AlexanderPetrov)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРУ – ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Қазақстан 2020 жылы жемқорлық көрсеткіштері ең төмен 60 елдің құрамына енуі тиіс. Бұл халықаралық сарапшылардың жасаған мәлімдемесі. Бұл дерт жайында осыдан мыңдаған жылдар бұрын жазылса да содан бері талай заман өзгеріп, әлем дамуы ілгерілесі де, пара берушілер мен алушылар қатары көбеймесе, азайған емес.

Жемқорлық бұл – індет. Себебі, жемқорлық – мемлекетіміздің беделіне, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуына, адам құқықтарының сақталуына үлкен қауіп төндіреді және де ол елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелеріне кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген, оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар жалпы жүйелік және кешенді сипатқа ие болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін айтарлықтай төмендетіп, заңсыз ақша айналымын тоқтатуға бағытталған іс-қимылдардың елеулі табыстарға жеткізгендігін Сингапур, Гонконг, Швеция мемлекеттері дәлелдеді. Бұл мысалдар «дертті» емдеуге болатынын, сыбайлас жемқорлықпен күрес тәсілдерінің бар екендігі және принципті әрі жүйелі сипатқа ие болған жағдайда, олардың айтарлықтай тиімді болатынын дәлелдей алды.

Осыған сәйкес, 1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Бұл Заңның ең басты міндеттерінің бірі, қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту болып табылады.

Сондай ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен қатар Елба-

сымыз Н.Ә.Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамсыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру. Аталған бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың жауапкершілігін ұлғайтуға да, биліктің барлық тармақтары мен азаматтық қоғам институттарының бұл мәселені шешудегі әлеуметтік әріптестігіне де баса мән беріліп отыр.

Бүгінгі таңда, мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа ұйымдасқан күрес саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және жемқорлықпен байланысты қылмыстылықты тазартуға аударылып отыр. Сонымен бірге, сыбайлас жемқор-



лықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алуы, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасалуы.

Бұл ретте, Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылуда, Басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқуылар өткізіледі, басшылар тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында тұрақты түрде нұсқаулық жүргізіледі. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналастырылған. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің нығайып, гүлдену жолында, өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Т. Манаков
Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы

ДІН МЕН ДӘСТҮР – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Иман айнасы

Ұлтты діннен бөліп қарауға болмайды. Кейбіреулер қазақ тіліне еніп, төлтумасына айналған ұғымдар мен сөздерді мұның түбі арабтікі, сондықтан түпкі негізіне қайтарып, сол күйінде жазу қажет. Соған басымдық беру керек деп жатады. Бір қарағанда, мұның өзі бір жағынан білімпаздық болып көрінгенмен, әсілінде, Исламды қазақтан алшақтатын тәсіл. Бұрын қазақтың тілі мен дәстүрін әсіресе, одан мүлде бейхабар, мәдениеті басқаша қалыптасқан жандарға үйрету керектігі өзекті болса, қазірде қазаққа бірден-бір жанашыр деген дін ғалымдары мен қызметкерлерінің өзін қазақтың дәстүрі мен тіліне үйрету қажеттігі туындап отыр. Ұлтты діннен бөліп қарауға болмайды. Кейбіреулер қазақ тіліне еніп, төлтумасына айналған ұғымдар мен сөздерді мұның түбі арабтікі, сондықтан түпкі негізіне қайтарып, сол күйінде жазу қажет. Соған басымдық беру керек деп жатады. Бір қарағанда, мұның өзі бір жағынан білімпаздық болып көрінгенмен, әсілінде, Исламды қазақтан алшақтатын тәсіл. Бұрын қазақтың тілі мен дәстүрін әсіресе, одан мүлде бейхабар, мәдениеті басқаша қалыптасқан жандарға үйрету керектігі өзекті болса, қазірде қазаққа бірден-бір жанашыр деген дін ғалымдары мен қызметкерлерінің өзін қазақтың дәстүрі мен тіліне үйрету қажеттігі туындап отыр. Себебі, олардың дені дінді шет елде үйреніп, өмірлік көзқарастары мен ғылыми пікірлері сол жақта қалыптасқандықтан, көп жағдайда өз ұлттың ұлттық болмысы мен мәдениетінен, мол тілдік мұрасы мен әдет-

ғұрыпта-рынан бейхабар қалып жататыны бар. Ал, осы олқылықтың орнын «есесіне, мен дінді жақсы білемін» деген максималистік ой басады. Ал, негізінде, өзінің ұлттына, еліне деген менсінбеушілік,

кейбірінің кешегі қазақтылығын мансұқтап, өзге елден үйренген кейбір діни дәстүрлерді таңсық көріп, талғамсыз ала беруі жанға батады, қабырғаны қайыстырады. Қазірде көзі қаракты саналы діндарлар мәселенің



өткеніне өштікпен қарап, болашағына сенбеудің арты жақсы-лыққа апармайды.

Тәуелсіздік таңы атқан соң өткенімізді еске түсіріп, жоғымды түгендеп, етек-жеңімізді жинап, енді ел боламыз ба деп жатқанда, ұлтты алға бастайды деп үміт артқан, имандылықты ту еткен жас буынның

бұлай дамуының қатерлі екендігін ұғынды. Қазақтың ешқашан да араб болмайтындығын білді. «Пәлен жерде алтын бар, барсан бөдене де жоқ» демекші, ең асыл құндылық – иман, дінді жалау етіп, халықтың мәдениетін мансұқтау ұлттың тамырына балта шабумен тең. Ұлтымыздың басқа ұлттардан

өзіндік ерекшелігі бар екендігін, туыстан да, елден де асып, ешқайда бармайтындығын сезінді. Әрі мұның шариятқа, дін талаптарына қайшы емес, жымдасып жататындығына көз жеткізді. Осы тұрғыда бұрынғы ғасырларда ғұмыр кешкен қазақтан шыққан діни сауатты кісілер мен қайраткерлердің даналығына бас иіп, солар салған таптаурын сүрлеудің ізін тапты. Сөйтсе, әрбір істің мәніне толық қанық болған ата-бабаларымыз ұлттық құндылықтарымызды Ислам мұраттарымен астарластырып, қиюны келістіріпті. Соның арқасында қазақ, қазақ болып сақталып келеді екен. Қазақтың салт-санасын хал-қадерінше зерттеп, зерделеген ғалым Жағда Бабалықұлы бір сөзінде «Саясат жерге көмген тарихты ғылым қайта ашып алады» дейді. Расында да, талай зұлматты замандарда ұмытылуға шақ қалған рухани құндылықтарымыз қазір де өз ретімен жаңғырып жатыр. Енді осы діни-имани танымдығымызбен тарамданған ұлттық құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа аманаттап тапсыру – бәріміздің міндетіміз. Құрметті Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бір сөзінде былай деген еді: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз».

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

Рухани жаңғыру аясында

Қазақтың ұлттық ойындарының төресіне жататын көкпар мен бөйгені ісі қазаққа білмейтін жан жоқ шығар. Әсіресе көкпар ойыны Жамбыл облысы мен Түркістан облысында жоғары деңгейде дамығанын білеміз. Ол аймақтарда еңкейген шалдан еңбектеген балаға шейін көкпар десе делебесі қозып, ішкен асын жерге қойға дайын. Кішкентай бала кезінен көкпар тартуға ынтық. Аса қабілеттері көкпарға 16-17-жасынан қатыса бастайды. Жақсы нәтиже көрсеткендері айақтық құрамаға қосылады. Көкпар ойыны той-томалақта да ғана емес, мелекеттің қамқорлығына алынып, арнайы біріншіліктер, чемпионаттар өткізіліп тұрады. Бүгінде көкпар ойыны халықаралық спорт қатарына да енгізілді. Дегенмен, осына көкпрудың шығу тарихы туралы бәріміз толық білеміз бе? Осыған орай бүгінгі мақаламызда осы мәселе туралы қаузамақпыз.

Көкпарды ата бабамыз дүние, ақша, атак үшін шаппаған! Дала перзенттері көшпенділер, яғни біздің арғы аталарымыз сақтар мен ғұндар сайын далаға қожалық еткен көкбөрінің өзін көкпарға тартыпты. Неге олай, неге өйтті? Бәлкім екі аяқты адамзат баласын қыспаққа салып жаншып жібергісі келген қатаң табиғатқа, жан-жағынан қаумалаған көп дұшпанға көрсеткен қыры болар. Қалай дегенде де, желдің өтінде, жаудың шетінде ғұмыр кешкен бабалар үшін көкпар ойынының, ойын емес ау, көкпар дәстүрінің ерекше орыны болғаны анық. Сол замандағы «тәңірім еді көкбөрі, көкбөрі маған өкпелі» - деген жыр жолдарынан бабалардың көк-бөріні қасиет тұтқаны анық байқалады. Жау жағадан алғанда, етекпен алған бөріні ат омырауына

алып, тақымға басқан бабалар айбатынан ел мен жерге көзін тіккен талай дұшпан атының басын кері бұрған дейді. Өздері қасиет тұтқан көкбөріні шауып бара жатқан ат үстінен іліп, біріне бірі лақтырып, тақымға басып, тартысып жүрген бабалар



осылайша көкпар ойынын дүниеге алып келіпті. Көкпар сөзінің шығу тарихы, түп төркіні «Көкбөрі» екені осыдан ақ мәлім!

Көкпар тартысына түскен жігіттер біріншіден мықты болды. Олар ептілікке, батырлыққа, ер жүректілікке үйренді. Көкпар шапқан жігіттің ел мен жерді қорғауға, Отанын сүйуге, елінің патриоты болуға қабілеті зор болды. Себебі көкпар ойыны жігіттердің бойына намыс отын қалыптастыра білді. Көкпар додасының қақ соғы

жігіттерді шыдамдылыққа, төзімділікке, қайсарлыққа баулыды. Тартысқа төзім беріп, көкпар додасында шыңдалып өскен жігіт, өмір көкпарында да ешкімге дес бермеді. Сондай ақ, өмір сүруді, өмірде кездесер қиындықтарды жеңуге үйренді

саналады!

Қазақтар өздерінің сұстын өзге жұртқа көрсету үшін серкені былай қойып, тартысқа тана (өгіз) тастап отырған. Тана тартуға аттың аты, жігіттің жігіті шыдас берген. Тартысқа түскен жігіттер тарттың деп сыр алдырмаған. Тартқанға көз аларту, қамшы көтеру, байлап шабу жігіттікке жатпаған! Қаумалаған қалың қолдың тартысына төтеп берген мықты жігіттерді ғана ел «Көкпардың көкбөрісі» деп атап, есіміне «балуан» тіркесін қоса сөйлеген! (қазіргідей байлап шабу, жетекке жүру, шылаудан ұстау, тартқанды ұру деген ұғымдар көкпар додасында мүлдем болмаған). Жайдақ атқа мінген адамға ауру жоламайды деген Қазақ! Көкпар әжелініп тастаған үйден бәле батыр аулақ жүреді деген Қазақ! Көкпардың еті мың түрлі ауруға ем деген Қазақ! Ала құйын додадан әрең шыққан арғымақ аттың ащы тері көкпарға тамады, оны тартқан атандай азаматтың алақан табы серкеге сінеді деген Қазақ! Сондықтан да ұрпақ сүйгісі келген тұмса әйелге ырымдап көкпардың етін жегізген Қазақ! Көкпарға қатысты мұндай ырым тымдарды, тамаша тәміл сөздерді Қазақтан басқа өзге ұлт айта алмаған! Міне, осының өзі көкпардың Қазақ халқына тән, Қазақ ұлтына тиеселі дәстүр екеніне бірден бір дәлел бола алады! Қазақ пен көкпар егіз ұғым, бірі шапанның іші болса, бірі тысы! - деген сөз осыдан қалған! Бабалар көкпар ойынын шығарумен қатар, көкпарды тартудың мәдени үлгісін де қалыптастыра білген. Бүгінгі таңда шабылып жүрген көкпар үлгісі де сол заманда қалыптасқан дәстүрдің көшірмесі іспетті.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде

Бүгінгі таңда Елбасы ел экономикасын дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, сонымен қатар жұмыссыздықтың деңгейін төмендету мақсатында жеке кәсіпкерлікті дамытуға аса көңіл бөлуде. Осы бастаманы қолдау мақсатында «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде бастапқы бизнесті іске асырып жатқан немесе іске асыруды жоспарлайтын бағдарлама қатысушыларына өтеусіз және қайтарымсыз негізде мемлекеттік гранттар беріледі.

2019 жылы жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттарды беру үшін 100 және 200 айлық есептік көрсеткішпен

«ЕҢБЕК» БИЗНЕСТІ ДАМУЫ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ГРАНТ АЛҒАН МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР

(АЕК) барлығы 56 жобаға 23 987 мың теңге бөлінді, оның ішінде 100 АЕК – 11 жоба, 200 АЕК – 45 жоба оның ішінде «Жастар жылы» аясында жастарға - 30 грант, көп балалы отбасыларға – 5 грант, аз қамтылған отбасы-ларға – 5 грант және жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 5 грант беру қарастырылған.

2019 жылы 100 АЕК – 11 жобаға және 200 АЕК – 41 жобаға (көп балалы отбасыларға – 5 грант, жастарға – 28 грант, аз қамтылған отбасыларға – 4 грант, жұмысқа қабілетті мүгедектерге – 4 грант) қаражат

берілді.

Ағымдағы жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік грантқа 12 жобаға сомасы 6,627 мың теңге бөлінді (200 АЕК). Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 12 жобаға сомасы 6,627 мың теңгеге мемлекеттік грант берілді.

2020 жылы қосымша республикалық бюджеттен жаңа бизнес-идеяларды іске

асыруға арналған мемлекеттік грантқа 28 жоба сомасы 15,556 мың теңге бөлінді.

Ағымдағы жылы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында екінші бағыты бойынша мемлекеттік грантқа жұмысқа қабілетті мүгедектер өтініш берген жок. Мемлекеттік грант бойынша түсіндірме жұмыстары жалғастырылуда.

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ



ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ

Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-Портал) әлеуметтік-еңбек саласының бірінші ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін дербес сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Портал 6-дан (инваксии қызметтерінен басқа) 5-үдерісті цифрлауды ұсынады, бұл:

- 1) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаториялық-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделген. Портал қосымша

тұтынушы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Портал көрсетілетін ТОҚ мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды алу мерзімдері мен атаулылығын қысқартуға, ТОҚ мен қызметтерге нақты қажеттілікті айқындауға мүмкіндік береді.

А.Ю. Литош,
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі

ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

Портал социальных услуг (далее – портал) является частью единой информационной системы социально-трудовой сферы и представляет собой автоматизированную систему, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Портал предлагает оцифровку 5-и процессов из 6-и (кроме услуг инваксии), это:

- 1) оказание специальных социальных услуг;
- 2) обеспечение техническими средствами реабилитации;
- 3) оказание услуг специалиста жестового языка;
- 4) оказание услуг индивидуального помощника;
- 5) оказание услуг санаторно-курортного лечения.

Со стороны государства предусмотрен механизм возмещения стоимости техни-

ческих средств и услуг реабилитации. Порталом дополнительно предусматривается возможность доплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

Это повысит добросовестную конкуренцию и обеспечит прозрачность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

Получатели услуг могут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников отдела занятости и социальных программ.

Портал позволяет улучшить качество предоставляемых ТСП и услуг, сократить сроки и адресность их получения, определить реальную потребность в ТСП и услугах.

А.Ю. Литош,
Заведующий сектором государственного учреждения «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

ШЕГІРТКЕ ЗИЯНКЕСТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Шегіртке тік қанатты насекомдар отрядының бір тармағын құрайды. Қазақстанда шегірткелердің 200-ден астам түрлері кездеседі. Бірақ, солардың ішінде он шақты түрлері ғана қауіпті зиянкестердің қатарына жатады.

Зиянды шегірткелердің барлық түрлерінің жылдық даму циклі бір генерациялы, яғни жылына бір ұрпақ беріп, өсіп-өнеді. Олар жұмыртқа түрінде топырақ арасындағы күбіренің ішінде қыстайды. Көктемде жұмыртқалардан балаңқұрттар шығады. Балаңқұрттардың шығу мерзімі шегірткелердің қандай түрге жататындықтарына және олардың мекендеген жерлерінің ауа райымен және тағы басқа жағдайларына байланысты. Тіршілік ету ерекшеліктеріне байланысты шегірткелер үйірлі және үйірсіз болып екі топқа бөлінеді. Үйірлі топқа сан жағынан өте көп өсіп-өніп және белгілі бір алқапта тығыз орналасып, шоғырлана тіршілік ететін (көкқасқа шегіртке, мароккалық шегіртке

және итальяндық прус), ал үйірсіз шегірткелер тобына бір жерге шоғырланбай, дара-дара тіршілік ететін шегірткелер жатады. Үйірсіз шегірткелерді саяқ шегірт-



келер деп атайды (атбасарлық, сибірлік, қара қанатты, крест тәрізді шегірткелер және т.б.).

Зиянды шегірткелер қатарына үйірлі

шегірткелер жатады. Үйірлі шегірткелерге мынадай қасиеттер тән: олар октын-октын жаппай өніп-өсіп, сан жағынан өте көбейіп кетеді. Мұндай жылдары олар үйір-үйір болып шоғырланып, ал саны аз болған жылдары саяқ шегірткелер сияқты жеке-жеке тіршілік етеді. Үйірлі шегірткелердің тіршілік ету жағдайларының осындай ерекшелігін кезеңдік өзгергіштік деп атайды. Үйірлі шегірткелер беде, мақта, күнбағыс, көкөніс және астық дақылдарын зақымдайды. Сонымен қатар шабындық пен мал жайылымдағы өсімдіктерге де көп зиян келтіреді. Үйірлі шегірткелердің азаюы үшін игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлерді, сондай-ақ егісараларындағы бос телімдерді игеріп, пайдалану сияқты мәдени – шаруашылық шараларды жүргізудің маңызы зор. Тың жерлерді жырту, күбіршектерін тек қана тығыз топырақты бұрын жыртылмаған жерлерге салатын бірқатар зиянды шегірткелердің толық құрып кетуіне әкеліп соқтырады.

Қауіпті зиянкестер

Пішендік жерлерді суару және уақытысымен шөбін шауып жинап алу шаралары шегірткелердің өсіп-өнуі мерзімін кешіктіреді де олардың келтіретін зиянкестік әрекеттерінің дәрежесін төмендетеді. Үйірлі шегірткелермен тағы бір күресу шарасы олардың негізгі мекендерінде алдын ала шегірткелерді егін жайға өткізбей жою. Ол үшін балаңқұрттар жайылған жерлерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу керек.

Туындаған сұрақтар бойынша, Пушкин көшесі 9/2 үйде (Қазпошта ғимараты) 2 қабатта орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторына мына телефон бойынша 8 (710 39) 5 40 06 хабарласуларыңызға болады.

Сабденбекова Г.К.,
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік қолдау

Қала тұрғындарының, шағын және орта бизнес өкілдері мен жарнама агенттіктері басшыларының назарына!

Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпараттың, оның ішінде тауарлық жапсырмаларда мәліметтердің сауатты жазылуын қамтамасыз ету, қателердің алдын алу, орын алған қателерді түзету, мәтіндердің қатесіз, сауатты жазылуын қамтамасыз ету мақсатында, Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанынан тегін консультациялық көмек көрсету үшін «Жедел желі» (Call center) орталығы жұмыс істейді.

Байланыс телефондары 8 (71039) 5-33-19.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Господдержка деятельности предпринимателей

Внимание населения города, руководителей малых и средних предприятий и рекламных агентств!

Для предотвращения, исправления ошибок и обеспечения правильного написания текстов на наружной рекламе, визуальной информации, и товарных этикетках ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск» работает горячая линия (Call Center) для предоставления консультаций. Контактные телефоны 8 (71039) 5-33-19.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск»

САРЫАРҚА

Сарыарқа жанға жайлы салқын жерің,
Өзіңнен қуат алған халқым менің.
Денең сергектік пен сезім берген,
Тағылы, Бұғылыдан ескен желің.

Сарыарқа аяңызда Жаман тауым,
Табиғат өзі өсірген бақша-бауым.
Қарақат, бүлдірген мен жуа, жусай
Дәм татып соның бәрін жеген аулым.

Тауыңда арқар менен киігің бар,
Аспанда қалқып жүрген тұйғының бар.

Тоғай боп өсіп кеткен ағаш іші,
Сілеусін, құндыз бенен тиының бар.

Кезінде жерін басқан қарағаны,
Ағанды бұл күндері Қарағанды.
Ақшатау, Ақжал, Нілді, Қайрақтыңыз,
Қазақтың өзі өсірген болашағы.

Кешегі Никитаның заманында,
Камалдың егін жайдың қамалына.
Жазықта, бел-белесте, сай-салада,
Мал бағар жер қалмады даламызда.

ТӨКЕН
КӨДЕКОВ

НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге.
Возможен торг. г. Караганда,
(город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737,
(87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.

Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сагпаева 15,

Заказ № 38/682. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.